

№ 145 орта мектеп

**«Мектеп /студент/ парламент» жобасының
жұмысы**

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
КОММУНАЛДЫҚ
МЕНТЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



АКТИВТ ҚЫЗЫЛОРДИНСКОЙ
ОБЛАСТИ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ҚЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

ТАРКАЗ

09 03 2014

№ 26-кз/12

Тарапында қол қойылған

генерал-майор

**«Мектеп / студенттік парламент»
жобасын ендіру туралы**

Қызылорда облысы бойынша білім алушылардың өзін-өзі басқару ұйымдары жұмысының бірізділігін қалыптастыру және тәрбие бағытындағы жұмыстарды жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Облыс көлеміндегі барлық білім беру ұйымдарында «Мектеп / студенттік парламент» жобасы ендірілсін.

2. Әртүрлі бағыттағы және әртүрлі атаумен жүзеге асырылған білім алушылардың өзін-өзі басқарудың басқа да ұйымдарының жұмысы «Мектеп / студенттік парламент» жобасы ретінде қайта аталсын, жұмысы жандандырылсын.

3. Жобаны ендіру (білім бөлімдері мен барлық білім беру ұйымдары бойынша арнайы іс-шаралар жоспарын әзірлеу, жауаптыларды бекіту, орындалуын қадағалау және т.б. жұмыстар) аудандық(қалалық) білім бөлімдерінің, білім беру ұйымдарының басшыларына жүктелсін.

4. Атқарылған жұмыстарды насихаттау мақсатында білім беру ұйымының әлеуметтік желідегі парақшасында орындалған жұмыстар жөнінде материалдарды тұрақты орналастырып(жаңартып) отыруы қамтамасыз етілсін.

5. Жобаның жүзеге асырылуына мониторинг жасау, әдістемелік көмек көрсету Қызылорда облыстық оқу орталығына (әдістемелік кабинет) жүктелсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау басқарма басшысының орынбасары Б.Бердаулетовке жүктелсін.

Басқарма басшысы

А. Қасымова

А. Қасымова

000148

Бұйрық - 24 к/б

09 қаурыз 2021 жыл

**«Мектеп парламенті»
жобасын ендіру туралы**

Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі Қызылорда қаласы бойынша білім алушылардың өзін-өзі басқару ұйымдары жұмысының бірізділігін қалыптастыру және тәрбие бағытындағы жұмыстарды жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

Қала көлеміндегі барлық білім беру ұйымдарында «Мектеп парламенті» жобасы ендірілсін

Әртүрлі бағыттағы және әртүрлі атаумен жүзеге асырылған білім алушылардың өзін-өзі басқарудың басқа да ұйымдарының жұмысы «Мектеп парламенті» жобасы ретінде аталсын, жұмысы жандандырылсын.

Жобаны ендіру (барлық білім беру ұйымдары бойынша арнайы іс-шаралар жоспарын әзірлеу, жауаптыларды бекіту, орындалуын қадағалау және т.б. жұмыстар) білім беру ұйымдарының басшыларына жүктелсін.

Атқарылған жұмыстарды насихаттау мақсатында білім беру ұйымының әлеуметтік желідегі парақшасында орындалған жұмыстар жөнінде материалдарды тұрақты орналастырып (жаңартып) отыруы қамтамасыз етілсін.

Жобаның жүзеге асырылуына мониторинг жасау, әдістемелік көмек көрсету Қызылорда қаласы бойынша білім бөліміне (әдістемелік кабинет) жүктелсін.

Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі әдістемелік кабинет меңгерушісі Е.Елдеевке жүктелсін.

Бөлім басшысы

Д. Баймурзаева

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
№145 «БІРҚАЗАН» МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«СРЕДНЯЯ ШКОЛА №145 «БІРҚАЗАН»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ПО ГОРОДУ ҚЫЗЫЛОРДА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ҚЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ
«24» 11 2021 ж.

ПРИКАЗ
№ 58/1

**«Мектеп /студент парламент»
жобасын ендіру туралы**

Мектеп бойынша білім алушылардың өзін-өзі басқару ұйымдары жұмыстарының бірізділігін қалыптастыру және тәрбие бағытындағы жұмыстарды жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп көлемінде «Мектеп /студентпарламенттік» жобасы ендірілсін.
2. Оқушылардың өзін-өзі басқарудың басқа да ұйымдарының жұмысы «Мектеп/студент парламент» жобасы ретінде қайта аталсын, жұмысы жандандырылсын.
3. Жобаны ендіру (мектеп бойынша арнайы іс-шаралар жоспарын әзірлеу, жауаптыларды бекіту, орындалуын қадағалау және т.б жұмыстар) директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ғ.Ахметовке жүктелсін.
4. Атқарылған жұмыстарды насихаттау мақсатында мектептің әлеуметтік желідегі парақшасында орындалған жұмыстар жөнінде материалдарды тұрақты орналастырып (жаңартып) отыру директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ғ.Ахметовке жүктелсін.
5. Жобаның жүзеге асырылуына мониторинг жасау, әдістемелік көмек көрсету тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ғ.Ахметовке жүктелсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.



Мектеп директоры

Б.Утегенов



Бекітемін»

Мектеп директоры

Б.Утегенов

09 2021ж

**№145 орта мектептің оқушылар парламенті 2021-2022 оқу жылына арналған
іс-шара жоспары**

№	Іс-шара атауы	Уақыты	Формасы	Жауапты
1	«Мектеп парламенті» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасына» орай оқушылардың өзін-өзі басқаратын мектеп парламентінің жұмысын үйлестіру.	Қыркүйек	Ұйымдастыру жұмыстары	ТЖО, мектеп тәлімгері
2	1. Оқушылар парламентінің отырысын өткізу 2. Министрлерді бекіту, міндеттерімен таныстыру 3. Жұмыс жоспарын бекіту	Қыркүйек	Отырыс	ТЖО, мектеп тәлімгері, мектеп президенті
3	«Шахмат алаңының алааманы» оқушылар арасында жарыс ұйымдастыру	Қазан	Шахматтан жарыс өткізу	Спорт министрлігі
4	Экологиялық мәдинетті қалыптастыру бағытында «Жасыл мектеп» жобасы. Оқушыларды әлеуметтік жауапкершілікпен экологиялық мәдинеттілікке тәрбиелеу.	Жыл бойы	Кездесу, тәрбие сағаты, тренинг, экологиялық ойын, подкастар, акция, челлендж, көгалдан дыру мен сыртқы тазалық жұмыстары ерікті түрде ұйымдастыру. Желіде# «Жасыл мектеп» хэштегімен атқарылған жұмыстарды жариялау.	ТЖО, мектеп тәлімгері, 8-10 сынып жетекшілері, пән мұғалімдері, парламент мүшелері.
5	Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау бағытындағы «Құқығынды құрметте» жобасы аясында оқушылардың құқықтық білімін жетілдіре отырып, өз мүдделерін қорғай алатын, өзіндік ұсыныс-пікірлері мен көзқарастарын, ойларын	Жыл бойы	Кездесу, тәрбие сағаты, офлайн ойындар, жадынама, кездесу, сауалнама, дөңгелек стол, ашық есік күні, тренинг, челлендж, қабылдау күні, т.б. Желіде# «Құқығынды	ТЖО, мектеп тәлімгері, психолог, кітапханашы, 8-10 сынып жетекшілері, пән мұғалімдері, п

	ашық айтатын, кемел ойлы,елжанды,азамат болып қалыптасуына мүмкіндік жасау.		күрметте» хэштегімен атқарылған жұмыстарды жариялау	арламент мүшелері.
6	Фейзбук әлеуметтік желіде «Парламент тынысы» өзін-өзі басқару жұмыстарын ақпараттандыруды ұйымдастыру	Қараша	Фейзбук парақшада насихаттау	Баспасөз министрі парламент мүшелері
7	«Парламент тынысы» жобасы аясында «Оқушы Үні»	Жыл бойы	Подкастар, Тік-Ток,Челлендж,С ұхбат,Видеороликте, Блоктар түсіру, Желіде# «Парламент тынысы» хэштегімен атқарылған жұмыстарды жариялау	ТЖО, мектеп тәлімгері,пси холог,кітапханашы, 8-10 сынып жетекшілері,пән мұғалімдері,парламент мүшелері.
8	«Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт» жобасы аясында «Бірге оқимыз» кіші жобасын іске асыру. Жоба аясында «Кітапхпнпғп кітап сыйла» букроссинг ұйымдастыру.Кітап оқуға дағдыландыру, насихаттау, қызғушылықтарын арттыру мақсатында парламент мүшелері өздері оқыған кітап туралы, оның пайдасы мен тиімді тұстарын достарына әсерлеп әңгімелеп береді. Мектеп фейзбук парақшасына салу.	Желтоқсан	Бинеролик, подкастар мектеп фейзбук парақшасында жаңа кітаптарға насихат жүргізу», #«Оқуға құштар мекетеп» #«Біз біргеміз» хэштегімен желіде жариялау	ТЖО, мектеп тәлімгері, сынып жетекшілері Мектеп парламент мүшелері
9	Оқушыларды интернет шабулынан қорғау мақсатында «Қауіпсіз интернет» жобасы. Интернет -ақпарат ағыны толассыз виртуал әлем.Ол оқушының пайдалы да қызықты ақпарат іздеуіне қолайлы.Сондықтан интернеттегі орынсыз контент пен күтпеген жағдайлардан да қорғана білу жолдарын үйрену.	Қаңтар	Кездесу, сынып сағаты, онлайн ойындар,челлендж Желіде #Қауіпсіз интернет» хэштегімен атқарылған жұмыстарды жариялау.	ТЖО, мектеп тәлімгері, психолог, сынып жетекшілері, пән мұғалімдері, парламент мүшелері,

10	«Ақылды бейсенбі» жобасы аясында «Білімнің жеткен шыңына...» сыр-сұхбатына «Мектеп президенті» мен «Білім министрімен» кездесу (8-сынып)	Қаңтар	Сыр-сұхбат	Мәдениет министрлігі, кураторы: мектеп тәлімгері парламент мүшелері
11	«Біз - есірткіге қарсымыз» жоғарғы сынып оқушылары арасында футбол біріншілігі (8-10 сынып)	Ақпан	Футбол біріншілігі	Спорт министрі, кураторы: дене/шынықтыру пән мұғалімі парламент мүшелері
12	«Балалар әлеміндегі игі істер» жобасы аясында қайырымдылық акциясын ұйымдастыру	Ақпан	Қайырымдылық акциясы	Еріктілер қозғалысы министрі, кураторы: әлеуметтік педагог парламент мүшелері
13	«Таза табиғат» ұлттық жобасы бойынша «Бұл менің ағашым» акциясы аясында «мектеп парламенті» аллеясына ағаш отырғызу	Наурыз	Ағаш отырғызу	Мектеп парламенті мүшелері
14	«XXI ғасыр көшбасшысы» «Brain-ring» интеллектуалды сайысы (5-6 сыныптар)	Сәуір	«Brain-ring» интеллектуалды сайысы	Білім министрі, кураторы : педагог-үйлестіруші парламент мүшелері
15	«Менің сазым Отанға» патриоттық әндер байқауы (7-10 сыныптар)	Сәуір	Патриоттық әндер байқауы	Мәдениет министрлігі, кураторы: мектеп тәлімгері парламент мүшелері
16	«Саптық адым» 7 мамыр Отан қорғаушылар күніне орай саптық жүріс (8-10 сыныптар)	Мамыр	Саптық жүрістен байқау	Құқық министрі, Кураторы: АӘД пәні мұғалімі

				парламент мүшелері
17	«Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» Ұлы Отан соғысы ардагерлерін әлеуметтік желіде құттықтау ұйымдастыру	Мамыр	Онлайн құттықтау	Баспасөз министрі, кураторы. Кітапханашы парламент мүшелері
18	«Салауатты ұрпақпыз» мектеп оқушылары арасында волейболдан жарыс өткізу(8-10 сыныптар)	Мамыр	Жарыс	Спорт министрлігі, дене шынықтыру пән мұғалімі парламент мүшелері
19	Аталған шаралардың барлығын әлеуметтік желіде жариялау	Уақытында	Желіде жариялау	Баспасөз министрі, кураторы парламент мүшелері



МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ

*Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру
ұйымдарындағы оқушы (мектеп) өзін-өзі басқарудың
бірыңғай моделі*



**Я - ЗА
УЧЕНИЧЕСКОЕ
САМОУПРАВЛЕНИЕ**

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында
«Мектеп парламент» білім алушылардың
өзін-өзі басқару органдарын дамыту
Тұжырымдамасы

ҚАЖЕТТІЛІКТІҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

құқықтық мемлекет жағдайында
шығармашыл, бастамашыл, өзі және
қоғам үшін пайдалы әрекет ете алатын
еркін, жауапты тұлғаны, мәдениетті
адамды **тәрбиелеу**

балалар мен жастардың табысты
әлеуметтенуі мен өзін-өзі тиімді
жүзеге асыруы үшін жағдай жасау,
сондай-ақ білім алушылардың
туындайтын проблемаларды өз
бетінше шешуі үшін мүмкіндіктер
жасау

ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ НЕГІЗДЕМЕ

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың
2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру
жөніндегі іс-шаралар жоспарының **35-тармағы**

Мектептерде, колледждерде Балалардың құқықтарын қорғау мәселелері
жөніндегі **287** бала-республиканың
қалалары мен аудандарының өкілдері Комитетпен өзара іс-қимыл
жасайды (23.11.2020 ж. №69-н БҚКК-ң бұйрығы)

Оқушылардың Парламенті (өзін-өзі басқару)



- бұл білім алушылардың білім беру ұйымын бірлесіп басқаруға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі мәселелерді шешуге қатысу нысаны.



- оқу-тәрбие процесінің проблемаларын шешуде мектеп әкімшілігінің таптырмас көмекшісі.

ПАРЛАМЕНТТІҢ МАҚСАТЫ

білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты **тәрбиелеу**.

МІНДЕТТЕРІ


- білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін, мектепте бірыңғай құқықтық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасау, білім беру ұйымын басқаруға қатысуға нақты мүмкіндік беру.
- ұжымдық өмір нормаларына, мемлекет заңдарына, адамдарға пайда әкелгісі келетіндігіне, достары мен құрдастарына қиындықтарды жеңуге көмектесуге оң көзқарас қалыптастыру
- әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту
- өзіндік ойлау мен өзіндік сана-сезімді, көшбасшылық мінез-құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық білімді, іскерлікті, ұжымдық және басшылық қызмет дағдыларын дамыту



МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ: ҚҰРЫЛЫМЫ

ӨЗГЕРІСТЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

ҚҰРЫЛЫМ МОДУЛЬДЕРІ



МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТИНІҢ ТЬЮТОРЛАРЫ



ПРЕЗИДЕНТ

ТЬЮТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ БАСШЫСЫ

ҚР БҒМ БАЛАЛАР ӨКІЛДІГІ

1

БАЛАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ МЕКТЕП УӘКІЛІ

ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ТӘРТІП КОМИТЕТІ

2

ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ТАРИХ ПӘНІНІҢ МҰҒАЛІМІ

БАҚЫТ КОМИТЕТІ

3

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ

АҚПАРАТ ЖӘНЕ БАСПА КОМИТЕТІ

4

ОРЫС ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНІҢ
МҰҒАЛІМІ/ ИНФОРМАТИКА ПӘНІ МҰҒАЛІМІ

СПОРТ ЖӘНЕ СӨС КОМИТЕТІ

5

ДЕНЕШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІ МҰҒАЛІМІ,
МЕКТЕПТІҢ МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРІ

ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ КОМИТЕТІ

6

ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ ПӘНІНІҢ МҰҒАЛІМІ

ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЕҢБЕК КОМИТЕТІ

7

ЖАҒРАФИЯ ПӘНІНІҢ МҰҒАЛІМІ (ХИМИЯ
БИОЛОГИЯ)

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕБАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС КОМИТЕТІ

8

ДИРЕКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

ҚАМҚОРЛЫҚ (ЕРІКТІЛІК) КОМИТЕТІ

9

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ

СЫНЫПТАҒЫ МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІНІҢ ӨКІЛДІГІ

СЫНЫПТЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ

1

СЫНЫПТЫҢ ОМБУДСМЕНІ

2

ҚАМҚОРЛЫҚ (ЕРІКТІЛІК)
КОМИТЕТІНІҢ ДЕПУТАТЫ

3

ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ТӘРТІП
КОМИТЕТІНІҢ ДЕПУТАТЫ

4

АҚПАРАТ ЖӘНЕ БАСПА
КОМИТЕТІНІҢ ДЕПУТАТЫ

5

СПОРТ ЖӘНЕ СӨС
КОМИТЕТІНІҢ ДЕПУТАТЫ

6

БАҚЫТ КОМИТЕТІНІҢ
ДЕПУТАТЫ

7

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
ДЕБАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС
КОМИТЕТІНІҢ ДЕПУТАТЫ

8

ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ
КОМИТЕТІНІҢ ДЕПУТАТЫ

9

ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЕҢБЕК
КОМИТЕТІНІҢ ДЕПУТАТЫ

МЕКТЕПТІ БАСҚАРУҒА ҚАТЫСУ



ДЕТИ
в школе

**МЕКТЕП
ПАРЛАМЕНТИНІҢ
ПРЕЗИДЕНТІ**

МЕКТЕПТІҢ АЛҚАЛЫ ОРГАНДАРЫНДАҒЫ ӨКІЛДІК

МЕКТЕП КЕҢЕСІ

МЕКТЕПТІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСІ

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС

АЛДЫН АЛУ КЕҢЕСІ

ЖАЛПЫ МЕКТЕПТІК АТА-АНАЛАР КОМИТЕТІ



КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

- ❖ адал, мейірімді және белсенді тұлғалардың тәрбиелі жас ұрпағы
- ❖ қоғамдық (балалар мен жастар) сананы трансформациялау мен жаңғыртуда оқушылар мен студенттердің өзін-өзі басқару органдарының мәртебесі мен рөлін арттыру
- ❖ білім алушыларды қызығушылықтары бойынша жобалық қызметке тарту
- ❖ барлық деңгейлердегі бюджеттерден тұрақты және жүйелі қаржыландыру

Оқушылар Парламентінің Ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1. **Оқушылар Парламенті** – көшбасшы, қазақ тілін еркін меңгерген, 7-10 сынып аралығындағы арнайы сайлау арқылы таңдалып алынған оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы.

1.2. Оқушылар Парламенті – мектептегі оқу тәрбиелік процестерді басқарудың жалпы жүйесі болып табылады және оқушылардың қоғамдық пікірлерін, олардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін зерттеу негізінде есепке алады.

2. ОҚУШЫЛАР ПАРЛАМЕНТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Оқушылар Парламентінің мақсаты:

- Мектептегі оқу үдерісін демократияландыру;
- Оқушылардың көшбасшылық қабілетін дамыту;
- Оқушылар үшін маңызды әлеуметтік жобаларды іске асыру;
- Оқушылардың пікірін ескере отыра ортақ мәселелерді шешу;

2.2. Оқушылар Парламентінің негізгі міндеттері:

- Мектептегі оқушылар мен жасөспірімдердің мәселесіне назарын аударту және шешу жолын ұсыну;
- Мектеп әкімшілігімен, педагогтармен, оқушылардың ұйымдарымен бірлесе отырып оқушылардың қызығушылын жүзеге асыру;
- Оқушылардың қоғамдық-әлеуметтік іс-шараларға қатысуға ынталандыру және қолдау;
- Мектеп оқушыларының құқықтары мен қызығушылықтарын қорғау;
- Оқушылардың арасында экологиялық, құқықтық сауаттылықты дамыту;
- Оқушылардың сабақтан тыс уақын тиімді пайдалануға ат салысу;

3. Оқушылар Парламентінің Функциялары

3.1. Парламент өз міндеттеріне сәйкес мынадай функцияларды орындайды:

3.2. Оқушылар өмірінің барлық бағыттарын үйлестіру жөніндегі шараларды әзірлейді, қабылдайды және жүзеге асырады.

3.3. Мектеп оқушыларын әлеуметтік-құқықтық қорғауға қатысады.

3.4. Көрсетілген міндеттерге сәйкес басқа функцияларды орындайды.

4. Оқушылар Парламентінің функцияларын қорғау

- 4.1. Өз функцияларын жүзеге асыру үшін Оқушылар Парламенті:
- 4.2. Оқушылар клубын және оқушыларды іс-шараларға тарту;
- 4.3. Парламентке келіп түскен ақпаратты зерделеу, талдау және шешім қабылдау;
- 4.4. Мәселелерді тез арада қабылдауға және шешуге құқығы бар.

5. Оқушылар Парламентінің ұйымдастырушылық құрамы

- 5.1. Оқушылар Парламенті мынадай негізгі фракциялардан тұрады:

1. Құқық және тәртіп фракциясы
2. Ақпарат фракциясы
3. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы
4. Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы
5. Қамқорлық фракциясы
6. Мәдениет және өнер фракциясы
7. Дебат қозғалысының фракциясы
8. Экология және еңбек фракциясы

- 5.2. Оқушылар Парламентін қызметін Президент басқарады

- 5.3. Мектеп Президенті жалпы оқушылар арасында сайланады.

- 5.4. Жекелей Фракция бойынша бөлінеді, өзара фракция басшысы тағайындалады, ал міндеттер басқа мүшелер арасында таратылады.

6. Оқушылар Парламентінің сайлау реті:

- 6.1. 7-10 сынып аралығында әр сыныптан, қазақ тілін еркін меңгерген, қоғамдық жұмыстарға мүдделі 1 оқушы өтінім білдіреді. Оқушылар өз бағдарламаларын жасап ұсынады, бекітілген жағдайда мектеп-лицей сайтына жүктеледі. 7-10 сынып оқушылары дәстүрлі және онлайн форматта дауыс береді.

- 6.2. Парламент отырысын Президент басқарады, ал ол болмаған кезде – жауапты бір мүше басқарады.

- 6.3. Парламент жиналысы ашық өтеді.

- 6.4.6.5. Оқушылар Парламентінің шешімдерін жиналысқа қатысушылардың көпшілігі қабылдайды. Парламенттің мүшелерінің көпшілігі қатысқан және дауыс берген жағдайда жарамды болады. Кеңестің шешіміне Президент қол

қояды. Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда Парламент мүшесі пікірін жазбаша түрде табыс етуге құқылы.

6.6. Парламент жұмысын жаксы ұйымдастыру үшін әртүрлі БАҚ-тарды, әлеуметтік желілерді, соның ішінде Парламенттің қызметіне арналған стендтерді пайдаланады.

7. Оқушылар Парламенті мүшелерінің міндеттері:

7.1. Президент мектептегі Парламентті ұйымдастырады және мектеп жұмыс жоспарында қарастырылған іс-шаралардың ұйымдастырылуын қадағалайды.

7.2. Парламент мүшесі жиналысқа келе алмайтын жағдайды ескертуге міндетті, жиналыс кем дегенде 1 күн бұрын хабарлану керек.

7.3. Барлық Парламент мүшелері волонтерлік фракцияның құрамында болады.

7.4. Қоғамдық іс-шараларды белсенді ұйымдастырудан бөлек қатысу да міндеттеледі.

8. Қосымша

8.1. Парламент осы Ережеге түзетулер енгізу және бекітуге құқылы.

8.2. Бұл ереже мектеп директорының келісімі бойынша күшіне енеді.

"ҚЫЗ- ҚЫЛЫҒЫМЕН КӨРІКТІ"

07.10.2021 жылы #145 "Бірқазан" орта мектебінде 11 қазан- Халықаралық қыздар күніне орай мектеп парламенті мүшелерінің бастамасымен ұйымдастырылған апталық барысында, "Қыз қылығымен көрікті" тақырыбында 7-11 сынып қыздары арасында тренинг болып өтті.

Тренингтің мақсаты Қыздармен түрлі жаттығулар, кеңестер айта отырып ар-намысын, пәктігін, сұлулығын жоғары қоя біліп, жұрт алдында әрқашан абыройлы болуға тәрбиелеу. Тренингті мектеп психологы А.Қонырбаева өткізіп, мынадай жаттығулар өткізді.

1. "Ерекше сәлемдесу" әдісі
2. "Бәрі жұлдыздар" жаттығуы
3. Есінде болсын...
4. "Эмоция алмасу" жаттығуы

<https://www.facebook.com/mektep.birkazan.1/posts/634400047968403>



"ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ-АЗАТТЫҚТЫҢ ЖЕМІСІ"

26.11.2021 ж. мектебіміздің өзін-өзі басқару ұйымының 10-11 сынып оқушылары ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ күніне орай "Тәуелсіздіктің 7 қыры" деректі фильмін талқылау аясында ойталқы жұмысын жүргізді.

Ойталқы барысында деректі фильмнің маңыздылығы мен идеясы түсіндірілді. Сондай-ақ, Елбасымыз атап көрсеткен 7 сын-қатерге негізделгені, азаттықтың ақ таңы атқан тұста еліміз дәл осы қатерлермен беетпе-беіт келгені жайлы ой қозғалды. Ал сын-қатерді жеңіп шығу егеменді Қазақстанның даму жолындағы бірегейлігін көрсететін ерекше қыры екендігі жайлы да баяндалды.

Жалпы 7 фильм әзірленген. Оның әрқайсысы белгілі бір тақырыпқа арналған: экономика, интеграциялық үдерістер, ұлтаралық келісімдер, антиядролық баастамалар, жаңа елорда, транзиттік әлеует, қандастарымыздың Отанға оралуы. Фильмдер Елбасының ел дамуына қатысты қабылдаған саяси шешімдерінің куәсі болған белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлерінің пікірлері мен естеліктерінен, сондай-ақ тарихшы, саясаттанушы және экономика саласы мамандарының сұхбаттарынан құралған.

ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗ МӘҢГІЛІК БОЛСЫН!

Сынып жетекшілері: Баймишева Зауре, Сейтқасым Ләйла

<https://www.facebook.com/mektep.birkazan.1/posts/667614064647001>



"ЕҢ НЕГІЗГІ ТАҢДАУ"

2022 жылдың 15 ақпанында №145 "Бірказан" орта мектебінде 9-10-11 сыныптар арасында, мектеп парламентінің ұйымдастыруымен "Ең негізгі таңдау" тақырыбында мектепшілік семинар-тренинг өткізілді. Бітірушілерге мотивациялық көмек беруде, мамандықты дұрыс таңдауға бағыт бағдар беруде маңызы зор іс-шара болды. Психологиялық зерттеу жүргізу арқылы қандай мамандыққа бейім екендіктерін анықтап, таңдау жасауға көмек берілді. Тренингті мектеп психологы Ә.Қоңырбаева жүргізді.

<https://www.facebook.com/mektep.birkazan.1/posts/719616449446762>

